

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «№ 104
МЕКТЕП- ГИМНАЗИЯСЫ» КММ



КТУ «ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ № 104»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА
КАРАГАНДЫ УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

04 ақпан 2021 жыл

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ *04*

город Караганда

Мектеп-гимназия оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» № 598 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 08.06.2020 жылғы бұйрығымен еңгізілген өзгерістерді ескере отырып), Қарағанды облысы білім басқармасының 2021 жылғы 27 қаңтардағы № 94 және Қарағанды қаласының білім бөлімінің 2021 жылғы 01 ақпандағы № 33 бұйрықтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.К.Койшығаринаға:
 - 1.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген бойынша мектепте білім алушыларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын (бұдан әрі мәтін бойынша – Қағидалар) шеңберінде ыстық тамақтандыру ұйымдастырылсын.
 - 1.2. Ережеге сәйкес күнделікті ас мәзірі бекітілсін. Күнделікті ас мәзірді бекіту кезінде 1-2 сыныптарының білім алушылары үшін және халықтың

әлеуметтік топтарынан 1-11 сыныптардың білім алушылары үшін әзірленген ұсынылатын бірыңғай мәзір пайдалансын.

1.3. Оқушылардың күнделікті тамақтану жағдайын қадағалау мектептің әлеуметтік педагогына жүктелсін.

1.4. Ас блогының паспорты дайындалсын және бекітілсін.

1.5. Тамақтандыру ұйымдастыру бойынша айлық есептердің уақытында тапсырылуы қамтамасыз етілсін.

1.6. Тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыру қамтамасыз етілсін.

2. Ыстық тамақ жеткізушілер (келісім бойынша):

2.1. 1 сынып оқушылары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен қарастырылған 1-11 сынып оқушылары үшін білім бөлімімен бекітілген перспективалық ас мәзірін және мектеп директорымен бекітілген күнделікті ас мәзірін ұстансын.

2.2. Әлеуметтік қорғалмаған отбасынан шыққан оқушыларды өз есебінен ыстық тамақпен қамту мүмкіншілігін қарастырсын.

2.3. Оқушыларға арналған ыстық және буфеттік тағамдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 16 тамызы № 611 бұйрығымен бекітілген санитарлық ережелерге, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес ұйымдастырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалау өзіме қалдырылсын.



Директор

Ж.С.Баймолдина